

Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы Бірлескен мәлімдеме

Бірлескен мәлімдеме 2001 жылғы 3 сәуір Осло қаласы 2001 жылғы 3 сәуірден бастап күшіне енді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылғы 2-4 сәуірде Норвегияға жасаған ресми сапарында жүргізілген келіссөздердің барысында Қазақстан Республикасының Президенті және Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі халықаралық саланы қоса алғанда, өзара мүдделілік білдіретін салаларда тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастық негізінде екі жақты қатынастардың жай-күйі мен даму перспективаларына қатысты болған жемісті және кең ауқымды пікір алмасуларға терең қанағаттанғандықтарын білдірді, саяси, экономикалық, мәдени, гуманитарлық және басқа да салаларда елеулі әлеуеті бар екі мемлекет арасындағы қатынасты одан әрі тереңдетудің және дамытудың маңыздылығын атап көрсетті,

демократиялық институттарды, азаматтық қоғамды және тұрлаулы нарықтық экономиканы одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті,

жалпы жұрт таныған халықаралық құқықтық нормаларына және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, Хельсинки Қорытынды актісіндегі және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарындағы ережелерге өздерінің адалдығын қуаттады, олар сенім білдіру ахуалы мен қауіпсіздікті, ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтуға, жанжалдардың алдын алуға ұмтылатындықтарын, сондай-ақ Еуропада, Азияда және әлемнің басқа да бөліктерінде адам құқығын және азшылықтың құқығын құрметтеуге ықпал ететіндіктерін қуаттады,

осы тұрғыда Қазақстан Республикасының ядролық қарусыздану және оны таратпау, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісіндегі үлесін бағалады, ол Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөніндегі бастамамен жалғасты.

Тараптар мыналар туралы уағдаласты:

мұнай-газ секторында, көлікте және жүктердің транзитінде, кеме жасауда, күрделі ауа-райы жағдайындағы құрылыста, балық кәсіпшілігінде, жаңа технологиялар саласында, шағын және орта бизнесті дамытуда екі жақты ынтымақтастықты басымдық берілетін тәртіппен дамыту;

Скандинавия, Балтық және Орталық Азия аймақтары арасындағы көліктік-транзиттік дәліздерді дамытуға белсенді түрде жәрдемдесу және осы

салаларда жасалған келісімдерді іс жүзінде жүзеге асыру;
екі мемлекет Парламенттері арасындағы байланыс пен тәжірибе алмасуды одан әрі
д а м ы т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

ғылым мен техника, мәдениет, өнер, білім, туризм және спорт саласында екі ел
арасындағы қарым-қатынасты және пікір алмасуды одан әрі дамытуды ілгерілету;

екі жақты қатынастардың шарттық-құқықтық негізін дамытуды жалғастыру, осы
тұрғыда сол күні қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі
арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция аталды;

әлемдік қауымдастық елдерінің тұрақты дамуы мен экономикалық гүлденуін негізге
алатын жетекші халықаралық ұйымдар шеңберінде екі мемлекет арасындағы
анағұрлым тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

жетекші еуропалық бірлестіктермен және ұйымдардың ынтымақтастығы
мәселелерінде өзара іс-қимылды дамыту;

Арал теңізі өңіріндегі және бұрынғы Семей ядролық полигоны аймағындағы
экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешуге, халықтың денсаулығын
оңалтуға әлемдік қоғамдастықтың, халықаралық ұйымдардың және қаржылық
институттардың назарын аудару үшін күш-жігер жұмсау;

екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту және екі жақты негізде де, сондай-ақ
халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде де қауіпсіздіктің жаңа қатерлеріне:
халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен
психотроптық заттардың заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға қарсы күресте
күш-жігерді үйлестіру.

Ослода 2001 жылғы 3 сәуірде әрқайсысы қазақ, норвег және орыс тілдерінде екі дана
болып жасалды.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.